

Ыдырысбаев Дархан Уалиханұлының «Болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын қолдануға оқыту әдістемесі» тақырыбында «8D01503 (6D011100) – Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми көпесші педагогика ғылымдарының докторы, доцент Б.Д.Сыдыховтың

ПІКІРІ

Бұгінгі күні слімізде білім беруді цифрандыру арқылы заманауи озық ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру арқылы ұлттық білім беру сапасын арттырудың қажеттілігі артып отыр. Ол өз кезегінде педагогтердің біліктіліктері мен дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоя отырып, олардың кәсіби қызметіндегі шақты қайта құруларды қажет етеді. Өйткені қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, сонымен қатар жылдам өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын шығармашыл, құзыретті маман дайындау маңызды болады.

Білім беруді цифрандыру жағдайында елімізде жоғары білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін атқарылып жатқан жұмыстар легінің ауқымды екендігін атап көрсетіп, болашақ мамандарға жоғары кәсіптік білім беруді ұдайы жетілдіруді талап етеді. Осы орайда болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын қолдануға оқыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Диссертант зерттеу барысында казақстандық және шет елдік әдебиеттерге жаң-жакты шолу жасап, болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын қолдануға оқытудың теориялық негіздерін айқындағы. Атап айтқанда, білім беру үдерісіндегі виртуализациялау технологияларының халықаралық және отандық тәжірибесіне талдау жасай отырыш, оның ұғымдық ағиараты мен жіктелуіне назар аударған. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда виртуализацияны қолдануға оқытуда, педагогтың цифрлық құзыреттілігін виртуализация технологиялары арқылы қалыптастыруға болатындығын тұжырымдаған. Виртуализация технологияларын қолдануға арналған оку модульдерін әзірленіп, цифрлық білім беру жүйесінде қолданудың теориялық-практикалық негіздерінің моделі ұсынылды. Цифрлық технологияларға байланысты виртуалдық білім беру оргасын енгізу практикасының теориялық аспектілеріне сүйене отырыш, білім беру үдерісінде виртуалды шындықты және виртуалды оқыту технологияларын пайдалануға болашақ информатика мұғалімдерін оқыту әдістемесін әзірледі.

Зерттеудің нәтижелері бойынша болашақ информатика мұғалімдері үшін цифрлық білім беру мен виртуализациялау технологияларын біріктіре қолдануға бағытталған әдістемелік және бағдарламалық қамтамалар әзірленді. Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуализациялау технологияларын білім беру үдерісіне интеграциялау негізінде білім

алушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіру моделі өзірленіп, оның құрылымы мен мазмұны ғылыми негізделді.

«Auezovvr.ct.ws» виртуалды оқыту платформасы мұғалімдерге арналған оқыту алаңы ретінде құрылғы, жоғары білім беру бағдарламаларына интеграцияланды. «Виртуалды және кеңейтілген шындық принциптері» атты әдістемелік құрал баспадан шықты. Ол құрал «6B01530 – Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын келесі пәндерді оқытуда қолдануға енгізілді: «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Компьютерлік жүйелер мен желілер және желілік қауіпсіздік», «3D модельдеу негіздері», «Білім берудегі цифрлық технологиялар», сондай-ақ магистратураның «7M01535 – STEM білім беру» және «7M01530 – Информатика» білім беру бағдарламалары аясындағы «Виртуалды және кеңейтілген шындық принциптері» пәннің оку жұмыс бағдарламалары (SyHabus) зерттеу тақырыбына сәйкес мазмұндық толықтырулармен жаңартылды. Кәсіби дағдыларды бағалауға арналған кеңейтілген таксономия жасақталды. Бұл таксономия Блум және SOLO таксономиясының компоненттерімен қатар авторлық модификацияланған деңгейлерді камти отырып, цифрлық білім беру ресурстары мен виртуализациялау технологияларын қолдану арқылы қалыптасқан дағдыларды бағалау қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Зерттеу нәтижелері негізінде үш жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларында пәндер мазмұны жаңартылғып, оку бағдарламалары кеңейтілді және оку-әдістемелік кеңендер өзірленіп, оку үдерісіне енгізілді.

Зерттеу барысында Үйдырысбаев Дархан Уалиханұлы өзінің ізденімпаздығын, коммуникативті және кәсіби құзыреттілігін көрсетті. Сонымен қатар болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын қолдануға оқытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүйелі, талапқа сай өткізді. Зерттеу үшін таңдан алынған әдістердің сенімділігі зерттеу нәтижесінің шынайылығын дәйектейді.

Диссертациялық жұмыс құрылымдық және мазмұндық жағынан біртұтастықты сақтаған. Зерттеу жұмысы бірізді, әрі жүйелі орындалған. Жұмыстың мазмұны ішкі бірлік пен логикалық байланыстағы кіріспеден, үш бөлімнен, корытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшиадан тұрады. Зерттеу нәтижесінде алынған корытындылардың ішкі бірлігі сакталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік тұжырымдар бір-бірімен жүйелі, сабактастықта, бірізді байланыскан. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растайды және зерттеудің максаты мен міндеттерін шешуге негізделген.

Үйдырысбаев Дархан Уалиханұлының зерттеу барысында кол жеткізген нәтижелері логикалық тұрдеге құрылған ішкі біртұтастығымен, бірізділігімен ерекшеленеді. Әр бөлім мазмұнды байланысмен ұштаскан. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді тұжырымдалған. Докторанттың жұмысы информатика, педагогика, психология ғылымдарының теориясы мен

практикасына қосқан сүбелі үлесі деп тұжырымдауға болады. Өйткені бұл жұмыста бұғынгі қоғам талабына сәйкес болашак информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын колдануға оқыту әдістемелік, педагогикалық, психологиялық тұрғыда тиімді зерделенген. Докторанттың зерттеу қорытындылары бойынша 6 авторлық бірлеشتікте жарияланған ғылыми еңбекі мақала түрінде жарық көрген. Оның ішінде 2 мақала Scopus (Scopus) мәліметтер базасында, 4 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесінә снегін журналда жарияланған.

Зерттеу жүргізу барысында диссиденттің өзін дербес, мұдделі, білімін тәжірибеде колданатын, ғылыми еңбекке қабілетті ізденуші екендігін көрсете білді.

Жалпы қорытындылай келе, докторант алға койған міндеттерінің шешімін толық тауып, зерттеуде альянсан пәтижелер мен корғауға ұсынған қагидалары ғылыми негізделген және эксперименталды түрде расталған дең айтуға болады. Ұлдырысбаев Дархан Уалиханұлының қорғауға ұсынған диссертациясы аяқталған зерттеу болып табылады, ғылыми-практикалық колдану маңызы үлкен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияларға қойылатын барлық талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, докторант Д.У.Ұлдырысбаевтың «Болашақ информатика мұғалімдерін цифрлық білім беруде виртуализациялау технологиясын колдануға оқыту әдістемесі» тақырыбында дайындалған диссертациясын «8D01503 (6D011100) – Иформатика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық қенесте корғауға жіберуге болады деп сапаймын.

**Ғылыми қенесші,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің доценті, педагогика
ғылымдарының докторы**

